Мектепішілік бақылау
ЖОСПАРЫ

2024-2025 оқу жылы

№	Бақылау тақырыбы	Бақылау мақсаты	Бақылау объектісі	Бақылау түрі	Бақылау әдістері	Орындау мерзімі	Жауаптылар
1	Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің«30» шілде 2024 жыл № 194 бұйрығына 2-қосымша **2024-2025 жылдарына арналған «Біртұтас тәрбие»** біртұтас тәрбие бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру	Педагогикалық ұжымға «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнын түсіндіру, тәрбие жұмысын ұйымдастыруда тиімділігін арттыру	Мұғалімдер, сынып жетекшілер, тәрбиешілер	Әкімшілік бақылау	Құжаттарды зерделеу, таныстырылым, әңгімелесу, сауалнама	Қыркүйек	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
2	Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарларын тексеру және бекіту	Тәрбиелік іс-шаралар мен сынып сағаттарының тәрбиелік мәні мен тиімділігін анықтау	Мұғалімдер, оқушылар	Тұрақты Тақырыптық	Тәрбие жоспарларын талдау және сынып жетекшілерімен әңгімелесу	Қыркүйек	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
3	Оқушылардың сабаққа қатысуын және мектеп формасын сақтауын қадағалау	Тәртіпке, ұқыптылыққа, жауакершілікке үйрету және мектеп формасының талаптарын оырндау	Оқушылар және ұстаздар	Тұрақты	Бақылау және есепке алу	Жыл бойы	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
4	Құқықбұзушылықтың алдын алу, оқушылар арасындағы өзара сыйластықты бақылау Құқық бұзушылықтың алдын алу: «Тәуекел тобындағы» оқушылардың есебі және олармен жеке жұмыс	Оқушылар арасындағы буллингтің, құқық бұзушылықтың алдын алу және психологиялық ахуалды жақсарту Қауіп-қатер топтарымен жұмыс нәтижелілігін бақылау	Құқық бұзушылыққа бейім оқушылар	Бақылау, оқушылар мен ұстаздардың пікірін ескеру	Қауіп-қатер топтарымен жұмыс, Оқушыларды бақылау	Күнделікті	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
5	Күнделіктің жай-күйін және оқушының оқу құралдарының бар-жоғын тексеретін рейд ұйымдастыру	Күнделікті жүргізу сапасын және қажетті оқу құралдарының болуын қамтамасыз ету	Оқушылардың күнделіктері мен оқу құралдары	Фронтальды	Күнделіктер мен оқу құралдарын тексеру	Апта сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
6	Оқушылардың сабаққа қатысуын жүйелі бақылау	Сабаққа қатысу және себепсіз келмеуді болдырмау	Сынып журналдары, тізімдер	Жүйелі	Мониторинг	Апта сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова
7	Сынып сағаттарының өткізілу мазмұны мен сапасына талдау	Сынып сағаттарының құндылық бағытын анықтау	Сынып журналдары, сынып сағаттары	Сынып жетекші бірлестіктерімен талқылау	Кеңес беру	Ай сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов

Scanned with CamScanner

8	Ата-аналармен жұмыстың ұйымдастырылуын және тиімділігін тексеру	Ата-аналардың тәрбиелік үдерістегі рөлін анықтау	Сынып жетекшілер, ата-аналар	Ата-анарлармен және сыныппен жұмысына талдау жасау	Хаттамаларды тексеру, кері байланыс, сауалнама, әңгіме, талдау жасау	Тоқсан сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
9	Өзін-өзі басқару ұйымының белсенділігін бақылау	Парламент жұмысының жүйелілігін бақылау	Мектеп парламенті	Жүйелі	Күнделік, сұхбат	Тоқсан сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова
10	Мектептің ішкі тәртіп ережелерінің сақталуын тексеру	Ереже сақталуын қадағалау	Барлық оқушылар	Жүйелі	Рейд, бақылау	Апта сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова
11	Үйірмелер мен спорттық секциялардың жұмысы, оқушылардың бос уақытын қамту деңгейі	Салауатты өмір салтын сақтауға баулу, тәртіп пен мәдениетті қалыптастыру	Оқушылар	Тұрақты	Талдау, мониторинг, түсіндірме жұмыстар, фото	Апта сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
12	Тәрбие бағытындағы іс-шаралардың сапасын, нәтижелілігін анықтау	Тәрбиелік құндылықтарды талдау	Іс-шаралар жоспары	Тақырыптық	Талдау, мониторинг	Тоқсан сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова
13	Буллингке қарсы іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау	Бағдарламаға сәйкес іс-шаралардың тиімділігін бағалау	Мектеп бойынша барлық сыныптар	бақылау	Құжаттарды зерделеу, іс-шараларға қатысу, мониторинг	Жыл бойы	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
14	Бағдаралама аясында жүргізілетін жобалар жұмысы (6 жоба)	6 жобаларды тиімді ұйымдастыруын, жоспарға сәйкес жүзеге асыруын қадағалау	Жоба жетекшілері	Ішкі бақылау	Құжаттарды талдау, әңгімелесу, сауалнама, ашық іс-шараларды бақылау	Қыркүйек – мамыр аралығы (жыл бойы кезең-кезеңімен)	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
15	1.«Зорлық-зомбылықтың алдын алу» бойынша жүргізіліп жатқан жұмыс барысы туралы 2.Кәмелетке толмағандардың түнгі уақытта тұрғын жайдан тыс бос болуын, сондай ақ кәмелетке толмағандарға алкогольдік ішімдіктер сату фактілерңн анықтау мақсатында рейд жұмыстарының барысы	1. Оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралардың тиімділігін анықтау; сынып сағаттары мен тәрбиелік іс-шаралардың сапасын бағалау 2. Оқушылардың құқықтық тәртіпті сақтауын қадағалау; кәмелетке толмағандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету; құқықбұзушылықтың алдын алу	1.Сынып жетекшілер, педагог-ұйымдастырушы, мектеп психологы 2. Сынып оқушылары, ата-аналар	1. Жоспарлы бақылау 2. Арнайы бақылау (рейдтік шара)	1. Құжаттарды талдау, әңгімелесу, сауалнама, бақылау 2. Тексеру, полициямен бірлескен рейд, әңгімелесу, хаттама толтыру	Тоқсан сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова С.Динасилов
16	1.Мектептегі психологиялық қызметтің жұмысы 2.Сыныптардағы қыз-ұл балалармен жұмысты	1.Психологиялық қызметтің тиімділігін, оқушылармен, ата-аналармен және педагогтармен жүргізілетін жұмыстың сапасын	1.Мектеп психологы, психологиялық қызмет кабинеті	1.Жоспарлы бақылау 2.Тақырыптық бақылау	1.Әңгіме, сауалнама, құжаттарды талдау,	Тоқсан сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова

Scanned with CamScanner

	жандандыру	анықтау 2. Сынып жетекшілердің қыздармен және ұлдармен жүргізетін тәрбие жұмысының жүйелілігін, мазмұнын, нәтижелілігін бақылау	2. Сынып жетекшілер, қыздар мен ұлдар ұйымы,		сабақ/тренингке қатысу 2. Сауалнама, әңгіме, сынып сағаттарына қатысу, құжаттарды тексеру		
17	Сынып сағаттарының өткізілу мазмұны мен сапасына талдау	Сынып сағаттарының құндылық бағытын анықтау	Сынып журналдары	Таңдамалы	Мониторинг, тексеру	Ай сайын	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова
18	Суицидті және жағымсыз ағымдарды насихаттайтын әлеуметтік желілердің алдын алу	Оқушылардың интернет пен әлеуметтік желілерді қауіпсіз пайдалануын қадағалау; зиянды мазмұндардан қорғау; психологиялық қауіптің алдын алу	Оқушылар	Жоспарлы, тақырыптық бақылау	Сауалнама, әңгімелесу, мониторинг, әлеуметтік желілерді шолу, ата-аналармен кері байланыс	Жыл бойы	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова
19	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	Оқушылардың демалыс уақытын тиімді, қауіпсіз, мазмұнды өткізуін қадағалау; сынып жетекшілердің жұмысына баға беру	Оқушылар	Жоспарлы бақылау	құжаттарды тексеру, талдау	Мамыр	ДТЖЖО А.Есенбаева Г.Ахатова

Scanned with CamScanner

«Шардара» мектеп-лицейінде 2024–2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру туралы

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: 2024–2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстыру туралы

Өткізілген күні:04 қыркүйек 2024 жыл
Өткізілген орны:
Қатысқандар: мектеп педагогтері, сынып жетекшілері, тәрбие жұмысына жауапты мамандар

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 30 шілдедегі №194 бұйрығына 2-қосымшаға сәйкес, 2024–2025 оқу жылында білім беру ұйымдарында жүзеге асырылатын **«Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен** педагогтерді таныстыру мақсатында түсіндіру жұмысы жүргізілді.

Таныстыру барысында бағдарламаның негізгі мақсаты мен міндеттері, тәрбие жұмысының басым бағыттары, білім алушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастырудың маңыздылығы түсіндірілді.

Педагогтерге «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын білім беру процесіне кіріктіру, оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезінде білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескеру, ата-аналармен тиімді байланыс орнату және тәрбие іс-шараларының мазмұнын жаңартылған бағдарлама талаптарына сәйкес жоспарлау мәселелері таныстырылды.

Бағдарламаның мазмұнын іске асыру барысында білім алушылардың бойында:

- ұлттық құндылықтарды құрметтеу;
- отансүйгіштік және азаматтық жауапкершілік;
- адалдық пен әділдік;
- еңбекқорлық және жауапкершілік;
- бірлік пен өзара құрмет;
- білімге, мәдениетке және ұлттық мұраға қызығушылық

сияқты қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған жұмыстарды жүйелі түрде жүргізу қажеттілігі атап өтілді.

Scanned with CamScanner

Сонымен қатар сынып сағаттарын, тәрбие іс-шараларын, мектепішілік жобалар мен акцияларды ұйымдастыруда «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының мазмұнын тиімді пайдалану жолдары қарастырылды.

Таныстыру жұмысы барысында педагогтер өздерін қызықтырған сұрақтарын қойып, бағдарламаны жүзеге асыруға байланысты пікірлерімен бөлісті. Педагогтерге бағдарламаның жаңартылған мазмұны бойынша түсіндірме беріліп, оқу-тәрбие процесінде басшылыққа алу ұсынылды.

Қорытынды:
2024–2025 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұны педагогтерге таныстырылды. Бағдарлама талаптарын оқу-тәрбие процесіне жүйелі түрде енгізу, тәрбие жұмысын жоспарлау және білім алушылардың ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеруіне жағдай жасау бойынша тиісті жұмыстарды ұйымдастыру белгіленді.

ДТЖЖО: Г.Т.Ахатова

Scanned with CamScanner

«Шардара» мектеп-лицейінде сынып жетекшілермен
жүргізілген бақылау жұмысының
Анықтамасы

Тақырыбы: Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарларын тексеру және бекіту, оқушылардың сабаққа қатысуын және мектеп формасын сақтауын қадағалау

Өткізілген күні: 11 қыркүйек 2024 жыл
Өткізілген орны: 22 кабинет
Қатысқандар: сынып жетекшілері, тәрбие жұмысына жауапты мамандар

Мақсаты: Сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жүйелі ұйымдастырылуын бақылау, тәрбие жоспарларының талапқа сай жасалуын қамтамасыз ету, оқушылардың сабаққа қатысуы мен мектеп формасын сақтау деңгейін анықтау.

Тексеру барысында сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарлары қаралып, олардың оқу жылына қойылған мақсат-міндеттерге сәйкестігі зерделенді. Сынып жетекшілерінің жоспарларында оқушылардың рухани-адамгершілік, патриоттық, құқықтық, еңбек, эстетикалық және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыттарындағы тәрбие жұмыстары қамтылған.

Тәрбие жоспарларының мазмұны сынып оқушыларының жас ерекшеліктеріне сәйкес құрылып, жоспарланған іс-шаралардың мерзімі мен жауапты тұлғалары көрсетілген. Жоспарларды тексеру барысында бірқатар сынып жетекшілеріне іс-шаралардың мазмұнын нақтылау, оқушылардың белсенділігін арттыруға бағытталған жұмыстарды толықтыру бойынша ұсыныстар берілді. Талапқа сай жасалған тәрбие жоспарлары бекітілді.

Сонымен қатар оқушылардың сабаққа қатысу жағдайы бақылауға алынды. Сынып журналдары және сабаққа қатысу мәліметтері зерделеніп, сабақ босату жағдайлары қарастырылды. Сабаққа себепсіз қатыспаған оқушылар бойынша сынып жетекшілерінің ата-аналармен байланыс орнатуы және түсіндіру жұмыстарын жүргізуі назарға алынды.

Оқушылардың мектеп формасын сақтау жағдайы да тексерілді. Бақылау барысында оқушылардың белгіленген мектеп формасын киюі, сыртқы келбетінің мектептің ішкі тәртіп талаптарына сәйкестігі қаралды. Кемшіліктер анықталған жағдайда оқушыларға түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, сынып жетекшілеріне ата-аналармен бірлесіп жұмыс жүргізу ұсынылды.

Scanned with CamScanner

Қорытынды

Жүргізілген тексеру нәтижесінде сынып жетекшілерінің тәрбие жұмысының жоспарлары негізінен талапқа сай құрастырылғаны анықталды. Оқушылардың сабаққа қатысуы мен мектеп формасын сақтауына тұрақты бақылау

ДТЖЖО
А.Есенбаева
Г.Ахатова

Scanned with CamScanner